

DOI: <https://www.doi.org/10.32523/2791-0954-2024-12-4-64-74>

## **Жоғары білім беру саласын цифрландыру: халықаралық құқық нормаларын қолдана отырып, заңнаманы қалыптастыру мен жетілдірудің кейбір мәселелері**

**Нурмухамед Д. Мырзатаев**

PhD докторы,

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу құқығы, еңбек құқығы кафедрасының PhD докторы,

Алматы, Қазақстан,

e-mail: [muxametnur@mail.ru](mailto:muxametnur@mail.ru)

ORCID: - ; JEL-code: K33 Халықаралық құқық

**Түйіндеме:** Автор білім беру саласындағы цифрландыру мәселесіне қатысты заңнаманы қалыптастыру мен оны дамыту туралы ой қозғайды. Цифрландыруды заңнамаға енгізу барысында туындайтын кейбір көкейтесті мәселелерді қозғайды. Мәселені шешу үшін нақты заңнамаларға тиісінше толықтырулар енгізуді ұсынады және жалпы оң және теріс жақтарына талдап өтеді. Сонымен қатар, автор жоғары білім беру саласындағы халықаралық нормаларды зерделеген. Оның пікірінше барлық жоғары білім беру саласын жетілдіруге байланысты халықаралық нормалардың ішіндегі Қазақстан халқы үшін маңыздысы ол университеттердің берген дипломдарын тану. Қандай университет болмасын оның беген дипломдарын қандай да бір мемлекеттің тиісті уәкілетті органдары таныуы қажет етеді. Барлық жоғары білім беру процесінде негізгі өзекті мәселелер осы дипломдарды ресми тануға байланысты екендігіне баса назар аударуды автор мақсат етіп отыр. Халықаралық бірыңғай құжат жоқ әлемдегі барлық жоғары оқу орындарының берген дипломдарын тану бойынша өз кезегінде бұл халықаралық қатынастардың жоғары білім беру саласындағы көрсететін қызметінің ауқымы мен аясының кеңдігін әлі күнге ескермей отырғандығы деп санауға болды. Жасанды интеллект мен әлемдік интеграцияланудың жоғары білім беру саласына енуі бұл мәселені түбінде шешу керектігі қажеттігін барлық елдерге мойындатары сөзсіз алайда оған біршама уақытты қажет етеді.

**Негізгі сөздер:** Білім беру саласы, жоғары білім, цифрлы мемлекет, заңнаманы цифрландыру, заң, адами капитал, халықаралық норма, дипломды тану

## **Digitalization of higher education: some issues of formation and improvement of legislation, taking into account the norms of international law**

**Nurmukhamed D. Myrzatayev**

PhD in law,

Department of Civil Law and Civil Procedure Law, Labor Law, Al-Farabi  
Kazakh National University,  
Almaty, Kazakhstan,  
e-mail: [muxametnur@mail.ru](mailto:muxametnur@mail.ru)  
ORCID: - ; JEL-code: K33 International law

**Abstract:** The author reflects on the formation and development of legislation related to the problem of digitalization in the field of education. It touches upon some topical issues that arise during the implementation of digitalization in legislation. To solve the problem, he suggests making appropriate additions to specific legislation and analyzed the general pros and cons. In addition, the author has studied international standards in the field of higher education. In his opinion, of all the international norms related to the improvement of higher education, the recognition of diplomas issued by universities is important for the people of Kazakhstan. Whatever the university, its diplomas must be recognized by the relevant authorized bodies of any state. The author aims to emphasize that the main topical issues in the entire process of higher education are related to the official recognition of these diplomas. According to the recognition of diplomas issued by all higher education institutions in the world, which do not have a single international document, in turn, it can be considered that interethnic relations still do not take into account the scale and breadth of activities provided in the field of higher education. The introduction of artificial intelligence and global integration into higher education will undoubtedly allow all countries to recognize the need to address this problem, but it will take some time.

**Key words:** Education, higher education, digital state, digitalization of legislation, law, human capital, international standard, diploma recognition

**Цифровизация сферы высшего образования: некоторые вопросы формирования и совершенствования законодательства с учетом норм международного права**

**Нурмухамед Д. Мырзатаев**

Доктор PhD,

Доктор PhD кафедры гражданского права и гражданского процессуального права, трудового права КазНУ им. аль-Фараби,

Алматы, Казахстан;

e-mail: [muxametnur@mail.ru](mailto:muxametnur@mail.ru)

ORCID: - ; JEL-code: K33 Международное право

**Аннотация:** Автор размышляет о формировании и развитии законодательства, касающегося проблемы цифровизации в сфере образования. Затрагивает некоторые актуальные вопросы, возникающие в ходе внедрения цифровизации в законодательство. Для решения проблемы предлагает внести

соответствующие дополнения в конкретное законодательство и проанализировал общие плюсы и минусы. Кроме того, автором изучены международные нормы в сфере высшего образования. По его мнению, из всех международных норм, связанных с совершенствованием сферы высшего образования, для народа Казахстана важно признание дипломов, выданных университетами. Какой бы ни был университет, его дипломы должны быть признаны соответствующими уполномоченными органами какого-либо государства. Автор ставит своей целью подчеркнуть, что основные актуальные вопросы во всем процессе высшего образования связаны с официальным признанием этих дипломов. По признанию дипломов, выданных всеми высшими учебными заведениями мира, в которых нет единого международного документа, в свою очередь, можно считать, что межнациональные отношения до сих пор не учитывают масштабы и широту деятельности, оказываемой в сфере высшего образования. Внедрение искусственного интеллекта и мировой интеграции в сферу высшего образования, несомненно, позволит всем странам признать необходимость решения этой проблемы, но это займет некоторое время.

**Ключевые слова:** Сфера образования, высшее образование, цифровое государство, цифровизация законодательства, право, человеческий капитал, международная норма, признание диплома

### Кіріспе

Қазақстанның цифрлық трансформация есебінен тиімді мемлекеттік басқаруы бар, сенімді деректер негізінде шешім қабылдайтын, сондай-ақ цифрлық дәуірде инфрақұрылымды тиімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыратын заманға сай елге айналуының мақсат еткен заң «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы 2021-2025 жылы [1] бойынша күтілетін нәтижелер:

1. Күтілетін экономикалық тиімділік (сапалық және сандық мәнде):

-Криптоиндустриядан жыл сайын 79 млрд теңге салық;

-АКТ саласындағы ЖІӨ үлесін 5%-ға дейін ұлғайту;

-ҒТҚН коммерцияландыру жобаларын және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жеке қоса қаржыландыру үлесі – 50 %

2. Күтілетін әлеуметтік әсер (сапалық және сандық мәнде):

-Мемлекеттік қызметтер смартфонда 5 минут ішінде көрсетіледі;

-Кепілдендірілген жылдамдықтағы интернет (қалалар – 10мб/сек, ауылдар – 5 мб/сек);

-100 000 жаңа жұмыс орнын құру;

-Ғалымдар мен зерттеушілер санын 34 мың адамға дейін ұлғайту болған еді.

Нәтижесінде Республикалық бюджеттен қыруар қажет бөлінгенде тиісінше нәтижені байқай алмай отырмыз.

2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы жариялан болатын [2].

### **Материалдар мен әдістер**

Қазақстанда цифрландыру бағытын дамыту «электрондық үкімет» пен «Ақпараттық Қазақстан – 2020» қалыптастыру және дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалары арқылы өрбіді.

«Мемлекеттік бағдарламаның нәтижелері экономика салаларын дамытуға оң әсер етіп, 2018 – 2021 жылдар аралығындағы кезеңде жалпы экономикалық әсері – 1629,196 млрд теңге болды және инновациялық экожүйеге 114,8 млрд теңге тартылды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Қазіргі кездегі жетістіктер: халықтың 99 %-ы интернетпен қамтылды, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 90 %-дан астамы онлайн қолжетімді, 4.0 Индустрия элементтерін пайдаланатын ірі және орта кәсіпорындардың үлесі 5 %-ды құрады, инфокоммуникациялық инфрақұрылым кеңейтілді және келесі буынның 5G мобильді байланыс технологиясын енгізу басталды, электрондық коммерция үлесі 2020 жылы 2,2 %-дан 5,2 %-ға дейін өсті, криптовалюталарды өңдеу бойынша цифрлық фермалар құрылды, модельдік фабрикалар мен зияткерлік кен орындарын құру бойынша жұмыс жалғасуда.

Қазақстанның адами даму индексі 1-ден 0,811-ге тең және Біріккен Ұлттар Ұйымының 2021-2022 жылдардағы баяндамасына сәйкес, Қазақстан 191 елдің ішінде 56-орында тұр. Қазіргі уақытта Қазақстанда цифрлық сауаттылық деңгейі (базалық) 87,3 %-дан астам (2020 жыл – 82,1%).

Қазақстандағы телекоммуникациялық инфрақұрылым индексі 1-ден 0,75200-ге тең және оны одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді.

Speedtest Global Index мәліметтеріне сәйкес, Қазақстан мобильді интернет жылдамдығы бойынша 141 елдің арасында 95-ші орынды иеленеді, сондай-ақ тіркелген кең жолақты интернет жылдамдығы бойынша 174 елдің арасында 96-шы орында.

Инновациялық экожүйенің бірқатар элементтері құрылды: «Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластері, «QazInnovations» инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы жұмыс істейді, «AstanaHub» ақпараттық-технологиялық стартаптардың халықаралық технопаркі іске қосылды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша инновацияларды жүзеге асыратын экономикадағы ұйымдардың үлес салмағы 11,5 %-ды (2019 жылы – 11,3 %) құрады. Ал Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) елдерінде бұл көрсеткіш орта есеппен 53 %-ды құрайды, бұл ретте жеке сектордағы жұмыс орындарының 70 %-ын инновациялық белсенді

компаниялар құрады. 2019 жылмен салыстырғанда инновациялық өнім көлемінің 1,5 есе өсуіне қарамастан, оның жалпы ішкі өнімінің (бұдан әрі – ЖІӨ) үлесі 2,43 % деңгейінде қалып отыр.

Бұл ретте 2021 жылдың қорытындысы бойынша «Ақпарат және байланыс» саласындағы инновациялық өнімнің үлесі 2020 жылдың қорытындылары бойынша 2,67 %-дан 2,62 %-ға дейін азайды, кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі де тиісінше 17,7 %-дан 15 %-ға дейін төмендеді.

2022 жылдың басындағы жай-күй бойынша Қазақстанда ІТ саласында 10 989 ІТ-компания жұмыс істейді.

2022 жылдың соңында технопарктер, инкубаторлар және акселераторлар қолдайтын ІТ-стартаптардың саны 1014-ке жетті. Ал нарықтағы жұмыс істеп тұрған ақпараттық-технологиялық компаниялардың жалпы саны 7 мыңнан асты.

2021 жылы ақпараттық-технологиялық компаниялар төлеген салық сомасы 122 млрд теңгені құрады.

Мемлекеттердің киберқауіпсіздік деңгейін бағалайтын жаһандық киберқауіпсіздік индексінің есебіне сәйкес, Қазақстан 2018 жылы бір жылда бірден 43 позицияға көтерілді, 83-ші орыннан 40-шы орынға дейін және бүгінде 195 елдің ішінде 31-ші орында тұр. ТМД елдерінің ішінде Қазақстан Ресейден кейін екінші орынға ие болды.» - деп тұжырымдалған.

Бұл цифрлық технологияларды қолдану арқылы еліміздің әрбір азаматының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған маңызды кешенді бағдарлама. 2018 жылдан бастап 2022 жылға дейін бес негізгі бағыт бойынша жұмыс жүргізу жоспарланған еді:

1. Экономика салаларын цифрландыру;
2. Цифрлық мемлекетке көшу;
3. «Цифрлық Жібек Жолын» іске асыру;
4. Адами капиталды дамыту;
5. Инновациялық экожүйені құру.

«Адами капиталды дамыту» төртінші бағытының мақсаты - білім беру жүйесін әлемнің үздік тәжірибелеріне сәйкес жаңарту. Орта білім беру бағдарламаларын жаңарту бойынша жобаны жүзеге асыру көзделген. Мұнда роботты техника, виртуалды шындық элементтерін, 3D-баспа және т. б. оқу үрдісіне енгізу қарастырылады.

Төртінші бағытта халыққа базалық цифрлық дағдыларды оқыту курстарын өткізу жобасы да маңызды. Мамандарды қайта даярлау республика азаматтарына кәсіби стандарттарға сай келуге және жоғары сұранысқа ие мамандар болуға мүмкіндік береді [3].

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында қарастырылған цифрландырудың ауқымы экономиканың әр түрлі секторларын, білім, инновациялық жобаларды ынтыландыру, денсаулық сақтау және тағы басқа салаларды қамтиды. Осы бағдарлама аясындағы жоспарланған ұсыныстар мен іс-шаралардың ішінен «Цифрлық мемлекетке көшу» бағыты ерекше назар

аудартады. Осы бағытта «Ашық Үкімет», «Ашық Парламент», «Ашық бюджеттер», «Ашық нормативтік-құқықтық актілер (НҚА)», «Ашық мәліметтер», «Ашық сұқбат» қағидаттары жүзеге асырыла бастады. Бүгінгі күні ашық мәліметтер 3501, Нормативтік құқықтық актілер саны 433354, өтініштер саны-280669, бюджеттік бағдарламалар-51927. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында аталған принциптердің дамуы азаматтардың мемлекеттік процесстерге қатысуына ықпал жасап, ақпаратты қолжетімді және ашық қылып, азаматтардың пікірлерін ескеріп, олардың мемлекеттік органдармен байланысын нығайтады. Аталған қызметтердің негізі осыған дейін болған сервистердің жиынтығын шоғырландыру болғанымен, біздің ойымызша, мемлекет республика азаматтарының қатынастарын цифрландыру шеңберінде қажетті бағытты таңдады.

Қылмыстық және әкімшілік процесстерді «Төрелік», «Зандылық» жүйелері, сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай реестрі арқылы электронды-цифрлы форматқа көшіру де өзінің оң нәтижесін беруде. Мұндай жүйелердің қызмет атқаруы тәжірибе көрсеткендей азаматтармен өзара іс-әрекет процесстерін жеңілдетіп қана емес, олардың мемлекеттік органдармен байланысын күшейтеді. Әсіресе сот билігіне деген сенімді арттырады[4].

Қолданыстағы электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы заңы [5] қабылданған еді.

Елімізде мемлекеттік басқару жүйесін цифрландыру кезеңі кезеңі жүргізіліп келеді. Мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда да жүзеге асырылып отыр. Мемлекеттік маңызды стратегиялық саласының бірі ол әлеуметтік сала. ҚР Конституциясында әлеуметтік мемлекет орнату көрсетілген.

Әлеуметтік сала ішіндегі біздің алып отырғанымыз ол жоғары білім, ғылым саласы.

Ғылым мен жоғары білім және орта білім беру саласын жаһандық интергациялану барысында техникалық бағдарламалар мен нано техниканың қарқынды дамуы осы жоғары білім саласын цифрландыруды одан әрі жетілдірумен қатар оны құқықтық реттеу мәселесін туындатып отыр. Жалпы білім беру саласын цифрландыруды заңдастыру кешенді түрде қарастыру қажет етеді біздің ойымызша. Себебі оларды ерекшелігіне қарай топтарға былай бөлу ұсынылады: мектепке дейінгі білім тәрбие беру, орта білім беру, арнайы кәсіптік білім беру, жоғары білім беру және ғылым саласы деп.

Жоғары білім беруге дейін ол мемлекеттік саясатпен мемлекеттік заңнамамен, мемлекеттік қаражатпен қамтамасыз етіліп соған байланысты жергілікті жерде жүзеге асырылып отыр.

Ал, жоғары білім беру саласында цифрландыруды жүзеге асыру заңнамаларға өзгерістер енгізу мен оны орындау тетіктері сан алуан. Ол біріншіден оның басқару нысанына байланысты. Ұлттық университеттер, автономды университет, жеке меншік университеттер, Акционерлік қоғам басқару нысандағы университеттер, мемлекеттік университеттер, бірлескен басқару нысандағы халықаралық университеттер және т.б. осы басқару

нысанына байланысты да цифрландырудың қолдану оны жүзеге асыру әр түрлі. Біздің ойымызша, ең тиімлі құқықтық реформалау тетігі ол қолданыстағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс аясында реформалау тиімді көрінеді. ӘҚБТК барлық мемлекеттік сала қамтылған заңнама сондықтан да, цифрландыру заңнамасын жүзеге асыратын негізгі осында көрсетілген мемлекеттік органдар мен ұйымдар, мекемелер. Цифрландыру енгізу жүзеге асыру оның орындалуы бойынша заңнамада құқықтар мен міндеттерді және жауапкершілікті көрсетсе жеткілікті. Қалғаны Білім туралы, Ғылым туралы т.б. арнайы заңнамаларды баптап енгізу арқылы реттеу.

Еліміздегі жоғары білім беру саласында цифрландыру басқару бойынша, персоналды бағалау тексеру бойынша, менеджмент, кадр жұмысында, мониторинг бойынша тиімді қолданып отыр. Алайда, ЖОО бұл негізгі қатысушы субъект ретінде қарастыруға болмайды бұлар тек көмектесуші басқарушы субъектілер. Жоғары білім беру саласының негізгі субъектісі ол білімалушы мен білімді беруші яғни ОПК. Осы екі негізгі субъект аясында цифрландыру заңнамасын қарастырсақ онда, біршама олқылықтар бар екенін байқауға болады.

ОПК цифрландыру барысында жұмысы жеңілдеу керек еді, ал тәжірибеде қосарланған жұмыс жасауға мәжбүр, олар қағазбастылық және электорнды құжаттар толтыру толып жатқан әр түрлі жаңа формадағы есептер беру т.б.. цифрландыру аясында материалдық техникалық жағдайлар толығымен жасалған ба және барлық ОПК тиісінше қамтамасыз етілген бе? Әрине әлі де болса әр бір аудиторияда техникалық құрал жабдықтардың қамтылмауы және интернет желісіне қосылу мүмкіндігінің жеткіліксіздігі және оның жылдамдық деңгейі жетілдіруді қажет етеді.

Білімалушылардың интернетке қол жетімділігі толық қамтылу бойынша мәселе де жетерлік.

Chat GPT жасанды интеллект қолдану мен пайдалану оны қолдану бойынша да мәселе бар. Білім алушыларға тапсырманы орындау жеңіл болғанымен оның дұрыс не бұрыстығына ешкім мән беріп отырған жоқ. Және бұл да ізденушінің жеке ізденісі мен академиялық адалдық қағидасына сәйкес келмейді деп есептеу қажет. Егер жасанды интеллект арқылы алынған мәліметтер мен қорытындыларға сілтеме жасамай алатын болса, онда оның ғылыми негізі жоқ. Соңғы ғылыми техникалық зерттеу нәтижелердің жалпы жұрт таныған немесе бекітілген нормалары әдіс тәсілдермен алынатын ақпарат ретінде мән мағынасы жоқ деп не оны тану туралы заңнамада нақты ештеңе айқындалмай отыр.

Сондықтан да, біздіңше әлеуметтік салада жасанды интеллект қолдану бойынша заңнамада арнайы шектеулер қою керек.

Ал техкалық, жаратылыстану ғылымдары бойынша жасанды интеллект көмегімен қандайда бір зерттеулер алудың бірыңғай алгоритімдері зерделеп бекітілу керек және оларға кеңінен қолдануға заңмен мүмкіндік қарастыру

қажет етеді. ЖОО арнайы білім беру бағдарламасы бойынша шектеулерді де қойылған дұрыс.

Chat GPT т.б. сандық технология көмегімен дәріс оқу немесе білімді беру мүлдем дұрыс емес бағытқа әкеліп соғады деген қауып те бар. Егер ОПК тегіс осы Chat GPT қолдануға рұқсат берілді және міндеттеп қойсақ онда, білім беру процесіне цифрландыру заңнамасын енгізу барысында мәселені тереңнен қарастыру керек. Заңгер мамандығын даярлайды БББ бойынша сот.кз сайты, егов, е.салық. мемлекеттік сатып алу сату парталы, т.б. арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының сайттарын меңгеру қажет. Ол үшін студенттерге арнайы пән ретінде оны оқытуды енгізу қажет және ол пәндер интернетпен қамтылған арнайы компьютерлік кластарда оқытылуы керек. Сонда ғана практикаға бағытталған білім беруге болады, әлі жұмысберушілердің заманауи сұраныстарында қанағаттандырған болар едік. Ол үшін әрине университеттердің материалдық техникалық базаларын заманауи жаңғырту керекпіз. Оны шешудің жолы ретінде ЖОО қызметін Лицензиялау туралы заңнамаға тиісінше толықтыру енгізу жеткілікті. Сонымен қатар БББ ашу барысында да мемлекеттік рестірге осы университеттің техникалық материалдық базасының қаншалықты заманауи жабдықталған әрі адам басына шаққанда қамтылу қажеттігі туралы арнайы пункт енгізу арқылы құқықтық тұрғыдан шешуге болады.

Бұл бірінші мәселе. Ал екінші мәселе осы бар компьютер арқылы тиісті бағдарламалармен жұмыс жасай алу сауатының болуы.

Жаппай компьютерлік сауаттылық қазіргі таңда жеткіліксіз болып отыр. Арнайы мамандандырылған платформалар мен жүйелерде арнайы бағдарламалармен жұмыс жасау қабілетін қажет етеді. Оған ЖОО дайын ба?

Егер цифрландыру туралы арнайы заң қабылдау қажетті туындаса онда, жоғары білім беру саласын осы мәселені шешу бойынша жұмысты жетілдіру қажет етеді.

### **Қорытынды**

Қазіргі қоғамда заманауи ұсыныс ол арнайы Цифрландыру туралы заң қабылдау мәселесі.

Цифрландыру туралы заңнамада маңызды орында оның субъектілерін тану мәселесі азаматтық заңнама аясында ең көкейтесті. Жасанды интеллект азаматтық құқықтың субъектісі ретінде танымыз ба? әлде танымаймыз ба? осы мәселенені заңшығарушы органның қалай шешетіндігіне байланысты болмақ.

Біздіңше цифрландыру барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен мекемелерді ғана емес барлық жеке және заңды тұлғалардың сонымен қатар, трансұлттық шегарасыз халықаралық деңгейде дамуын ескере отырып Цифрландыру кодексі жобасын жасауды ұсынамыз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы 2021-2025 жыл.

2. 2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы жариялан болатын.  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269>

3. <https://primeminister.kz/news/16093>

4. <https://qazradio.fm/kz/news/26909>

5. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтар N 370-II Заңы.  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000370>

6. Декларация Организации Объединенных наций по вопросам образования, науки и культуры "Высшее образование в XXI веке: подходы и практические меры" (Париж, 9 октября 1998 года). // [https://nic.gov.ru/ru/docs/foreign/other/declaration\\_1998](https://nic.gov.ru/ru/docs/foreign/other/declaration_1998)

7. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған.  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>

8. «Университеттерге қол жеткізуге әкелетін дипломдардың эквиваленттілігі туралы» 1953 жылы 11 желтоқсанда Париждегі ETS № 15 Еуропалық Конвенция. // <https://rm.coe.int/16800645e5>

9. О ратификации Конвенции о признании квалификаций, относящихся к высшему образованию в Европейском регионе Закон Республики Казахстан от 13 декабря 1997 г. N 202-І. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000202>

10. Европейская Конвенция от 14 декабря 1959 года Об академическом признании университетских квалификаций  
<https://normativ.kontur.ru/document?moduleId=1&documentId=22555>

11. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру туралы келісім (Бурабай қ., 2015 жылы 29 мамырда)  
[https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=34836300&doc\\_id2=1006936#pos=4;-98.5&pos2=4;-98.5](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34836300&doc_id2=1006936#pos=4;-98.5&pos2=4;-98.5)

12. Международные соглашения по признанию документов об образовании М-2009.  
[https://ru.ragimoff.org/\\_files/ugd/48bdc8\\_978410bd411e4375b4189d49d71b4db1.pdf?index=true](https://ru.ragimoff.org/_files/ugd/48bdc8_978410bd411e4375b4189d49d71b4db1.pdf?index=true)

13. 1992 жылғы 13 қарашадағы «ТМД шеңберінде ғылым қызметкерлерін және де ғылыми-педагогтік құрам кадрларын дайындау, мұнымен қоса олардың біліктілік құжаттарын тану бағытындағы ынтымақтастық туралы» келісім  
[//https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P000001932\\_/compare](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P000001932_/compare)

14. Еуропалық аймақтағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы конвенцияны бекіту туралы. Қазақстан Республикасының заңы 1997

жылғы 13 желтоқсандағы N 202 //[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000202\\_tau-edu.kz](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000202_tau-edu.kz)»media/Нормативные акты РК/новые доки/...

15. 2005 жылы 19-20 мамырда Берген қаласында жасалған «Еуропалық білім министрлері конференциясының коммюникесі» // [https://fgosvo.ru/uploadfiles/Library/Baidenko/Eurep\\_bremen\\_comm\\_2005.pdf](https://fgosvo.ru/uploadfiles/Library/Baidenko/Eurep_bremen_comm_2005.pdf)

16. Рекомендации Европейского парламента и Европейского совета от 10 июля 2001 г. (2001/613/ЕС) относительно выездов студентов, лиц, допущенных к стажировке, волонтеров, преподавателей и преподавателей за границу. //[https://mlkfoods.cy/upload/pdf/laws/es/ES\\_2001-95\\_rus..pdf](https://mlkfoods.cy/upload/pdf/laws/es/ES_2001-95_rus..pdf)  
<https://base.garant.ru/71770420/>

17. О присоединении Республики Казахстан к Конвенции, отменяющей требование легализации иностранных официальных документов Закон Республики Казахстан от 30 декабря 1999 года N 11-П. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000011>

18. Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 15 маусымда № 32800 болып тіркелді.// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032800>

### References

1. «Cifrandyru, ғылым және innovaciyalar esebinen tekhnologiyalық serpilis» ұлттық zhobasy 2021-2025 zhyl.

2. 2023 - 2029 zhyldarға арналған cifrлық transformaciya, ақпараттық-kommunikaciyalық tekhnologiyalar salasyn және kiberқауіпсіздікті damyту тұзhyrymdamasyn bekitu туралы Қазақстан Respublikasy Үкіметінің 2023 zhylғы 28 nauryздағы № 269 қаулысы zhariyalan болатын. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269>

3. <https://primeminister.kz/news/16093>

4. <https://qazradio.fm/kz/news/26909>

5. Elektronдық құзhat және elektronдық cifrлық қолтаңба туралы Қазақстан Respublikasynың 2003 zhylғы 7 қаңтар N 370-II Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000370>

6. Deklaraciya Organizacii Ob"edinennyh naciј po voprosam obrazovaniya, nauki i kul'tury "Vysshee obrazovanie v XXI veke: podhody i prakticheskie mery" (Parizh, 9 oktyabrya 1998 goda). // [https://nic.gov.ru/ru/docs/foreign/other/declaration\\_1998](https://nic.gov.ru/ru/docs/foreign/other/declaration_1998)

7. Adam құқықтарының zhalpyға birdej deklaraciyasы Deklaraciya Birikken Ұлттар Ұжымы Bas Assambleyasynың rezolyuciyasymen 1948 zhylғы 10 zheltоқсанда № 217 A (III) қабылданған. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>

8. «Universitetterge қол zhetkizuge әкеletin diplomdardың ekvivalenttiligi туралы» 1953 zhyly 11zheltоқсанда Parizhдегі ETS № 15 Europalық Konvenciya. // <https://rm.coe.int/16800645e5>

9. O ratifikacii Konvencii o priznanii kvalifikacij, odnosyashchihya k vysshemu obrazovaniyu v Evropejskom regione Zakon Respubliki Kazahstan ot 13 dekabrya 1997 g. N 202-I. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000202>

10. Evropejskaya Konvenciya ot 14 dekabrya 1959 goda Ob akademicheskom priznanii universitetskikh kvalifikacij <https://normativ.kontur.ru/document?moduleId=1&documentId=22555>

11. Tәuelsiz Memleketter Dostastyғyna қатысushy memleketterdiң zhalpy bilim beru ұjymдарының педагог қызметкерлерінің биліктілігін арттыру туралы келісім (Burabaj қ., 2015 zhyly 29 мамырда) [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=34836300&doc\\_id2=1006936#pos=4;-98.5&pos2=4;-98.5](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34836300&doc_id2=1006936#pos=4;-98.5&pos2=4;-98.5)

12. Mezhdunarodnye soglasheniya po priznaniyu dokumentov ob obrazovanii M-2009. [https://ru.ragimoff.org/\\_files/ugd/48bdc8\\_978410bd411e4375b4189d49d71b4db1.pdf?index=true](https://ru.ragimoff.org/_files/ugd/48bdc8_978410bd411e4375b4189d49d71b4db1.pdf?index=true)

13. 1992 zhyly 13 қарашадағы «TMD шеңберінде ғылым қызметкерлерін және де ғылыми-педагогтік құрам кадрларын дайындау, мұнымен қоса олардың биліктілік қызхаттарын тану бағытындағы унтымақтастық туралы» келісім // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P000001932\\_/compare](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P000001932_/compare)

14. Evropalyқ аймақтағы зhoғары bilimge қатысты биліктілікті тану туралы конвенцияны бекіту туралы. Қазақстан Республикасының заңы 1997 zhyly 13 zheltоқсандағы N 202 // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000202\\_tau-edu.kz>media/Normativnye akty RK/novye doki/...](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000202_tau-edu.kz>media/Normativnye akty RK/novye doki/...)

15. 2005 zhyly 19-20 мамырда Bergen қаласында zhasalған «Evropalyқ bilim ministrleri konferenciyasynың kommyunikesi» // [https://fgosvo.ru/uploadfiles/Library/Baidenko/Eurep\\_bremen\\_comm\\_2005.pdf](https://fgosvo.ru/uploadfiles/Library/Baidenko/Eurep_bremen_comm_2005.pdf)

16. Rekomendacii Evropejskogo parlamenta i Evropejskogo soveta ot 10 iyulya 2001 g. (2001/613/ES) otnositel'no vyezdov studentov, lic, dopushchennyh k stazhirovke, volonterov, prepodavatelej i prepodavatelej za granicu. // [https://mlkfoods.cy/upload/pdf/laws/es/ES\\_2001-95\\_rus..pdf](https://mlkfoods.cy/upload/pdf/laws/es/ES_2001-95_rus..pdf)  
<https://base.garant.ru/71770420/>

17. O prisoedinenii Respubliki Kazahstan k Konvencii, otmenyayushchej trebovanie legalizacii inostrannyh oficial'nyh dokumentov Zakon Respubliki Kazahstan ot 30 dekabrya 1999 goda N 11-II. [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000011\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000011_)

18. Bilim turалы қызхаттарды тану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және зhoғары bilim ministriniң 2023 zhyly 12 mausymдағы № 268 бұjрығы. Қазақстан Республикасының Әдilet ministrлігінде 2023 zhyly 15 mausymда № 32800 болып тirkeldi. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032800>